

ЛЕНИН ТУҒЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 34 (9352) | 1954 жылғы 13 февраль Сенбі | Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Кандидаттарды жақтаған үгіт кең өрістетілсін

Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің барлық сайлаушыларға арнаған үндеуін бүкіл совет халқы, сондай-ақ облысымыздың барлық еңбекшілері зор қуанышпен, партияға деген шексіз сүйіспеншілікпен қарсы алып, коммунистік қоғам орнату жолында қажырлықпен еңбек етуде. Партияның үндеуіне арналған жыйындар мен митингілерде және әңгімелерде жұмысшылар мен жұмысшы әйелдер, шаруалар мен шаруа әйелдер, совет интеллигенциясы партиямыздың данышпандық саясатын бір ауыздан мақұлдап, сайлау күні коммунистер мен партияда жоқтар блогының кандидаттарына біркөксей дауыс беретіндіктерін білдіруде.

Өйткені, совет адамдары өткен сайлаулардағы сыяқты алдымыздағы сайлауда да коммунистер мен партияда жоқтар блогы ұсынған кандидаттар үшін дауыс беріп, Отанымыздың онан әрі гүлдене беруіне жетіседі, партияға тағы да сенім білдіреді және халықтың түбірлі мүдделерін көздейтін оның саясатын мақұлдайды.

Кәзір еңбекшілер, бұқарасының осындай зор саяси өрлеуі кезінде, сайлау алдындағы саяси үгіттің жаңа кезеңі — кандидаттарды жақтаған үгіт кеңінен өрістетілуге тиіс. Көптеген үгітшілер армиясы, жұрт сенген өкілдер, партия, комсомол ұйымдары күннен-күнге кандидаттарды жақтаған үгіттің өрісін кеңейтін, оның дәрежесін арттыра беруге міндетті.

СОКП Орталық Комитетінің барлық сайлаушыларға үндеуі кандидаттарды жақтаған саяси үгіттің арқауы, мазмұны болуға тиіс. Бұл үндеуде партияның елімізде халық шаруашылығының барлық саласы мен мәдениетін онан әрі өркендету, халықтың материалдық әл-ауқат және мәдениет дәрежесін үздіксіз арттыру, көп ұлтты совет мемлекеті халықтарының мызғымас достығын бұрынғыдан да нығайту және бейбітшілікті сақтау, оны нығайту жөніндегі саясаты айтылған. Партиямыздың Орталық Комитеті өзінің үндеуінде былай дейді: «ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына ұсынған коммунист-кандидаттарды жақтап қандай бірауыздылықпен дауыс берсе, партияда жоқ кандидаттарды жақтап сондай бірауыздылықпен дауыс беруге барлық коммунистерді шақырады. Партияда жоқ сайлаушылар партияда жоқ кандидаттарды жақтап қандай дауыс берсе, депутаттыққа ұсынған

кандидаттарды жақтаған үгітті кеңінен ұйымдастырып, Губин, Қызатов, Оңдасынов жолдастардың өмірбаяндарын, қоғамдық-саяси жұмыстарын, олардың халық сенімін ақтайтынын сайлаушыларға терең түсіндіру қажет. Біздің кандидаттарымыздың өмірбаяндары жазылған плакаттар сайлау учаскектеріне көптеп жіберілуіде. Әңгіме әрбір үгітшіні, үгіт пунктінің көпшілік орындарын, әуылқтардың орталықтарын кандидаттардың өмірбаянымен қамтамасыз етуде.

Кандидаттарды жақтаған әңгімелерде, жыйындарда сайлаушылар коммунистер мен партияда жоқтар блогы ұсынған кандидаттар үшін дауыс беріп, Коммунистік партияның даналық саясаты үшін, Отанымыздың онан әрі гүлдене беруі үшін, халықтар достығы үшін дауыс беретінін жете түсіндіру қажет. Кандидаттардың өмірбаяндары жөніндегі әңгімені тек үгіт пункті мен колхоз, совхоз, МТС орталықтарында ғана емес, алыстағы мал фермаларындағы, егіс бригадаларындағы сайлаушылар арасында кеңінен ұйымдастыру қажет.

Жақында сайлаушылардың кандидаттармен кездесуі басталады. Кандидаттармен кездесуге арналған жыйналыстарға сайлаушылардың, әсересе, қарт сайлаушылар мен жас сайлаушылардың, үй шаруасындағы әйелдердің көптеп қатысуын қамтамасыз ету керек. Мұнда сайлаушылар өздерінің кандидаттарына еліміздің шаруашылығы мен мәдениетін онан әрі өркендету, еңбекшілердің материалдық және мәдени-тұрмыс дәрежесін арттыру жөнінде аманаттар тапсырып, өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын, советтік сауданы шұғыл өркендету жөнінде бағалы ұсыныстар жасайды.

Сонымен қатар, партия ұйымдары кандидаттардың сайлаушылармен жатақханаларда, цехтарда, егіс бригадалары мен мал фермаларында әңгімелер өткізуді ұйымдастырғаны жөн. Мұның өзі кандидаттарды сайлаушылардың жете білуіне қолдайы жағдай туғызады.

Кәзіргі саяси үгіт кандидаттарды жақтаумен бірге сайлаушылардың өндірістік белсенділіктерін арттыру мақсатына бағытталуы қажет. Кәзір өнеркәсіп өнімін арттыру, өнімнің сапасын жақсарту, мал қыстату, төл алу маусымын үлгілі өткізу, көктемгі егіске тыңғылықты әзірлену міндеті үгітшілердің әңгімелерінен, сайлаушылардың жыйналыстарынан тыс

Коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттары

★ ★ ★
ССРО Жоғарғы Советі Одақ Советінің сайлауын өткізетін № 618 Петропавл сайлау округі

Владимир Владимирович ГУБИН

Владимир Владимирович Губин 1904 жылы, Белгород облысы, Мисоян ауданы, Старая Нелидовка селосында кедей шаруаның семьясында туғды.

Әкесінен 14 жасында жетім қалған Губин жолдас селолық мектепті бітіргеннен кейін Харьков қаласына кетуге мәжбүр болды. Мұнда ол слесарь ұста мастерскойына үйренуші болып жұмысқа кірді. 1918 жылы ол Старая Нелидовка селосына қайта оралып, кулақтарда жалданғып жұмыс істеді, ал, 1921 жылы тағы да Харьковке барып, темір жол жұмысшысы болып істеді.

1923 жылдан бастап он жыл бойы Владимир Владимирович Губин «Серп и Молот» заводында алғашында жұмысшы, кейіннен ағаш өңдеу мастері болып істеді, заводтың қоғамдық өміріне белсене қатысады, көп кешікпей комсомол, онан кейін кәсіподақ жұмыстарына жоғарылатылады. Осы заводта 1924 жылы ол Ленин комсомолының қатарына өтеді, ал, 1927 жылы Коммунистік партияға мүше болады.

Губин жолдас заводта істеп жүрген кезінде 1932 жылы екіжылдық совет-партия мектебін бітіреді, Жұмысшы-Шаруа Инспекциясы облыстық бақылау комиссиясының мүшелігіне сайланады және басшы кәсіподақ жұмысына жіберіледі. 1933 жылы ол Харьков облыстық кәсіподақ Советі президиумының мүшесі болып сайланады және ұйымдастыру-бұқаралық бөлімінің меңгерушісі болып істейді, онан соң Харьков облыстық партия комитеті оны аудандық партия комитетінің үгіт-бұқаралық бөлімінің меңгерушісі етіп, партия қызметіне жібереді. 1934 жылдан 1936

жылы, Белгород облысы, Мисоян ауданы, Старая Нелидовка селосында кедей шаруаның семьясында туғды. Күрегі бітіргеннен кейін ол облыстық партия комитетінің нұсқаушысы болып істейді, ал, 1937 жылы БК(б)П Покрово-Баганск аудандық комитетінің бірінші сек-


ретары болып сайланады.

1941—1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезінде Губин жолдас коммунистік Отанды қорғауға — неміс фашистерінің парашютшілер мен диверсанттық топтарына жоюға белсене қатысады, қорғаныс қамалдарының құрылысына, партизан отрядтарын ұйымдастыру және даярлау жұмыстарына басшылық етеді.

Партия мен үкметтің тапсырмаларын ойдағыдай орындағаны үшін Губин жолдас Отан соғысының бірінші дәрежелі екі орденімен, екі Еңбек Қызыл Ту орденімен, «Күрмет белгісі» орденімен, Қызыл Жұлдыз орденімен және Совет Одағының бес медалімен наградталды.

Губин жолдас өзінің бүкіл еңбек қызметінде еліміздің қоғамдық және саяси өміріне белсене қатысып келеді. Бірнеше рет облыстық партия комитетінің бюро мүшесі, еңбекшілер депутаттары облыстық Советі атқару комитетінің мүшесі, үш рет ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына сайланды. 1951 жылы Губин жолдас Қазақстан КП Орталық Комитетінің мүшесі және Қазақстан Орталық Комитеті бюросының мүшелігіне кандидат болып сайланды, ал, 1952 жылы Қазақстан КП Орталық Комитеті бюросының мүшесі болып сайланды.

Одақ Советінің сайлауын өткізетін Солтүстік Қазақстан облысы, № 618 Петропавл сайлау округінің еңбекшілері Владимир Владимирович Губинді ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат етіп ұсынып, Губин жолдасын халықтың жоғары сенімін аброймен ақтайтындығына, өзінің күші мен білімін социалистік мемлекетті нығайтуға жұ-



қандидат етіп ұсынып, Губин жолдасын халықтың жоғары сенімін аброймен ақтайтындығына, өзінің күші мен білімін социалистік мемлекетті нығайтуға жұ-

Коммунистік партия мен Совет Үкметі үшін халқымыздың тілегін — бейбіт еңбекті, еңбекшілердің материалдық және мәдени-тұрмыс дәрежесінің үздіксіз өрлеуін қамтамасыз ету қасиетті іс.

(СОКП Орталық Комитетінің сайлаушыларға арнаған үндеуінен).

Партияның үндеуіне жауап

Еңбек өрлеуін туғызды

Қаладағы Киров атындағы заводтың коллективі бүкілхалықтық мереке — ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы құрметіне еңбек өнімділігін арттырып, жаңа зор өндірістік тартулар әзірлеуде. Завод цехтарында кәзіргі бар өндіріс алаңдарын ұлғайтпай-ақ өнімді көп шығару жолындағы күрес кеңінен өріс алды.

Заводтың механикалық цехының коллективі социалистік жарыста алдыңғы қатарда келеді. Бұл цехтың коллективі сайлау құрметіндегі социалистік жарысты кеңінен өрістетудің нәтижесінде январь айына тағайындалған өндірістік тапсырманы ойдағыдай орындап шыққан болатын. Цехтың жұмысшылары Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің барлық сайлаушыларға, жұмысшылар мен жұмысшы әйелдерге, совет интеллигенциясына арнаған үндеуін зор қуанышпен қарсы алды.

Жұмысшылар коммунистер мен партияда жоқтардың халықтық блогі ұсынған кандидаттарға дауыс беретіндіктерін білдірумен бірге, ССРО Жоғарғы Советінің сайлауын зор өндірістік тартулармен қарсы алу үшін ұлғайтылған өндірістік міндеттемелер қабылдады.

Цех коллективі алған көтеріңкі міндеттемелерін аброймен орындап келеді. Мұнда токарьлар Мицюков, Алексютин, Мирониченко жолдастар және басқалары смелалық тапсырмаларын үнемі артығымен орындап жүр.

А. ЕСИМОВ.

Қарқын үдей түсті

Октябрь ауданындағы «Бірлік» колхозының колхозшылары СОКП Орталық Комитетінің еліміздің барлық сайлаушыларына арнаған үндеуін зор қуанышпен қарсы алды. Олар үндеуге жауап ретінде көктемгі егіске әзірлік жұмыстарының қарқынын күннен-күнге үдете түсуде.

Колхозшылар үстіміздегі жылы дәлті дақылдардың көлемін тың жерлерден ұлғайтпақ. Олар бұл жердегі өгіндік участоктерден мол өнім алу үшін егіс алаңына сапалы тұқым әзірлеу жұмысын қызу қарқынмен жүргізуде. Колхозда қазірдің өзінде 1000 центнер тұқымдық дән өнгіштік сапаға жеткізілді. Бұл жұмыста 13 колхозшы үздіксіз жұмыс істейді. Олар тәулігіне 140—145 центнер астық тазартады.

Осы сыяқты колхозшылар егіс алаңына қар тоқтату жұмысын да ұйымдастыр түрде жүргізуде. Соңғы күндері колхозда 300 гектардай егіс алаңына қар тоқта-

коммунист-кандидаттарды жақтап сондай дауыс береді деп есептейді».

Партия ұйымдары мен үгітшілер, насихатшылар үгіт жұмысының барлық түрлерін пайдалану арқылы СОБП Орталық Комитетінің үндеуін әрбір сайлаушының білуін, партияның алға қойып отырған міндеті мен мақсатын жете білуіне жетісу болып табылады. Бұл үшін сайлаушылар мен кәсіпорындарында, цехтарда, колхоздар мен совхоздардың егіс бригадалары мен мал фермаларында, мекемелерде, үгіт пункттері мен сайлаушылардың үйлерінде арнаулы әңгімелер өткізу, баяндама жасап, лекция оқу жұмыстарын ұйымдастыру керек. Сонымен қабат, СОБП Орталық Комитетінің үндеуін насихаттауға арналған жәрнекті үгітші, ұрандар мен плакаттардың көпшілік орындарында, әсіресе, үгіт пункттерінде болуына жетісу қажет. Солтүстік Қазақстанның сайлаушылары, коммунистер мен партияда жоқтар өздерінің сайлау алдындағы жиналыстарында еліміздің мемлекет билігінің ең жоғарғы органы — ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат етіп, партия мен халықтың адал ұлдары В. В. Губин, Ж. К. Қизатов және Н. Д. Оңдасынов жолдастарды ұсынды. Депутаттыққа кандидат болып тіркелген жолдастардың өмірбаяны, олардың партия үшін, халық үшін аялбай еңбек етіп келе жатқандықтарын дәлелдейді. В. В. Губин, Ж. К. Қизатов, Н. Д. Оңдасынов жолдастар — коммунистер мен партияда жоқтар блогының ұсынған кандидаттары.

Міне, сондықтан партия, комсомол және кәсіподақ ұйымдары барлық жерде

Одақтық-республикалық ССРО Қара металлургия министрлігі және Одақтық-республикалық ССРО Түсті металлургия министрлігін құру туралы ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

1. Металлургия өнеркәсіп министрлігінің кәсіпорындары мен ұйымдарының негізінде мынадай министрліктер құрылсын: Одақтық-республикалық ССРО Қара металлургия министрлігі; Одақтық-республикалық ССРО Түсті металлургия министрлігі;
2. ССРО Қара металлургия Министрлігі мен ССРО Түсті металлургия министрлігін ССРО Министрлер Советі бекіткен тізім бойынша кәсіпорындар мен ұйымдар берілсін.
3. Украин ССР-нде Одақтық-республикалық Қара металлургия министрлігін құру қажет деп табылсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. ВОРОШИЛОВ.
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Н. ПЕГОВ.
Москва, Кремль
8 февраль, 1954 жыл.

«Варяг» крейсерінің теңізшілеріне «Ерлігі үшін» медалінің тапсырылуы

10 февральда Совет Армиясының М. В. Фрунзе атындағы Орталық Үйіне Совет Армиясы мен Соғыс-Теңіз Флотының өкілдері жыйналды. Мұнда құрметті қонақтар — «Варяг» крейсерінің теңізшілері де келді. Флот адмиралы Н. Г. Кузнецов «Варягтің» даңққа бөленген теңізшілерін үкмет наградасымен құттықтады және ССРО Жоғарғы Советі Президиумының тапсыруы бойынша минер В. Ф. Бакалов, крамендор

қалмауға тиіс. Облыс еңбекшілерінің сайлау күніне СОБП Орталық Комитетінің сен-тябрь Пленумы қойған міндеттерді жүзеге асыруда жаңа табыстармен келуіне жетісуін қамтамасыз ету партия, совет ұйымдары мен шаруашылық орындарының басты міндеттерінің бірінен саналады.

Партия, совет ұйымдары сайлау алдындағы социалистік жарысты пәрменді ұйымдастырып, шаруашылық жұмыста, әсіресе, ауыл шаруашылығын өркендету ісінде кездесіп отырған елеулі кемшіліктерді дереу жою шараларын белгілеулері қажет. Бұл үшін өзара сынды, әсіресе, төменнен көтерілген сынды бұрынғыдан да гөрі күшейту керек.

СОБП Орталық Комитеті барлық сайлаушыларды 1954 жылы 14 мартта сайлау урналарына тегіс келуге, өздерінің құрметті сайлау правосын пайдалануға, коммунистер мен партияда жоқтар блогы ұсынған кандидаттарға біркелкі дауыс беруге шақырды.

Партияның үніне үн қосып, оның сенімін ақтаудан артық аброй жоқ. Совет адамдары коммунистік құрылыста табыстан-табысқа ие болып, Коммунистік партия мен Совет Үкметінің төңірегіне тығыз топтаса береді. Бейбіт еңбекке бөленген совет халқы бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік пен демократияның мызғымас тірегі — Советтік Социалистік Мемлекетіміздің күш-қуатын арттыра береді.

ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидаттарды жақтаған саяси үгітті барлық жерде кеңінен өрістетейік!

Д. С. Залидеев, бірінші статьяның машинашысы С. Д. Крылов, матрос П. М. Кузнецов, комедор В. И. Крутяков, мичер Л. Г. Мазурец, бірінші статьяның көчегары И. Е. Подиков, аға триумшысы Ф. Ф. Семенов, бірінші статьяның орденары Т. П. Чибисов, алысқа атушы А. И. Шкетник және дабылшы И. Ф. Ярославцевка «Ерлігі үшін» медалін тапсырды.

Үгітші қыз

Қаладағы А. И. Микоян атындағы өткөнерсі комбинатының жұмысшысы Мария Томилова жолдае ұзақ уақыттан бері үгітші болып келеді. Ол үгіт жұмысына белсене араласумен бірге, өзінің өндірістік тапсырмасын да үнемі асыра орындап отырады. Қазір Мария өзіне бекітілген берілген оңүйліктерде жиі болып, сайлаушыларға көркем әдебиеттерден үзінділер, газет, журналдардың соңғы номерлерін оқып, әңгімелер өткізеді.

Ол өзінің кезекті әңгімесін жергілікті фактілермен байланыстырып, комбинат өмірінен нақтылы мысалдар келтіреді. Мәселен, партия мен үкметтің халқымыздың әл-ауқатын жақсарту жөніндегі қамқорлығы деген әңгімесінде ол ССРО Жоғарғы Советінің соңғы сайлауынан бергі жерде комбинат жұмысшылары үшін тұрғын үйлер көптеп салынғанын мысалға келтіріп айтты.

М. ВЕРНИЧЕНКО.

№ 24 сайлау участогінде

ҮГІТ ПУНКТИ

№ 24 сайлау участогінің үгіт пункті қаладағы № 3 орта мектептің үйіне орналасқан. Мектеп есігінің маңдайшасына ілінген қызыл шүберекке үлкен әріппен жазылған «Хош келдіңіздер!» деген сөздер алыстан көз тартады. Кешқұрым бұл жазуларды Ильяш шамдары сәулелендіріп, одан сайын айқындай түседі.

Үгіт пункті мектеп үйінің бірінші қабатында. Ол ұрандармен, плакаттармен, партия мен үкмет басшыларының портреттерімен мерекелідей безендірілген. Үгіт пунктінің жұмыс жоспары, оның қамтылған күбігі, үгітші-кезекшілердің тізімі көрнекті жерге ілініп қойылған. Үлкен столдың үстінде саяси, көркем әдебиет кітаптары, ССРО Конституциясы, сайлау Ережесі, газет, журналдардың соңғы номерлері бар. Телефон, радио орнатылған.

Үгіт пункті жылы, әрі жарық. Сайлаушылардың келіп, дем алуына сондай қолайлы. Жұмыс күні біткен соң сайлаушылар үгіт пунктіне келе бастайды. Олардың біреулері газет, журналдарды оқыйды, радиодан соңғы хабарларды тыңдайды. Ал, екінші біреулері шахмат, дойбы ойнап, сайысады. Басқалары кезекші-үгітшіге барып, сайлау тізіміндегі аты жөнін тексертеді. Өзара әңгімелесіп, жұмыс тәжірибелерін, еңбек жаңалықтарын айтып, пікір алысады. Сөйтіп, олар мәдениетті түрде дем алып, тарасады.

Үгіт пунктінің жұмыс жоспарында сайлаушыларды ұйымдастыру түрде киноға, театрға, музейге апару, оларға көркем әдебиеттерден үзінділер оқу, жас сайлаушылардың кешін өткізу, ғылым мен техниканың соңғы жаңалықтарын айту және басқа да жұмыстардың түрлері көрсетілген.

Пунктте «Үгітші» атты қабырға газеті шығарылады. Оның редакторы үгіт пунктінің меңгерушісі В. Максимович жолдас.

САЙЛАУ ҚҰРМЕТІНЕ

ССРО Жоғарғы Советінің сайлауын өткізу туралы Указ Булаев ауданы, Сталин атындағы колхоздың барлық мал өсірушілері арасында творчестволық жаңа еңбек өрлеуін туғызды. Олар қоғамдық малды қыстан шығынсыз әрі жоғары қонды алып шығу, сауын сыйырлардың сүтті-

Кандидаттарды жақтаған үгіт

Аманкелді атындағы колхоздың (Совет ауданы) үгітшілері сайлаушыларды ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидаттардың өмірбаяндарымен таныстыруда. Үгітшілер Қасымжанова, Қажымұратов, Өмірзақов жолдастар өздеріне бекітілген

әлігін молайту жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістете түсті.

Бұл жарыста озат малшылар С. Бақтыбаев, Д. Теміртаев, Е. Ордабаева жолдастар алдыңғы қатарда келеді. Олар қыс уақытында малды бағып, күтуде басқа малшыларға үлгі көрсетіп жүр.

Қ. ТЕМІРОВ.

берілген оңүйліктердегі сайлаушылар арасында коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттары туралы әңгімелер өткізді.

Б. ҚОЖИН.

САЙЛАУШЫЛАР КЕШІ

Қаладағы № 2 сайлау участогінің үгіт пункті сайлаушылардың кешін өткізді. Кеште сайлаушылар «Совет азаматтары

ның праволары мен міндеттері» деген тақырыпта лекция тыңдады. Одан кейін концерт берілді.

үйдің нөмері жазылады. Үгітшілер бұл жүргізілген жұмыстарды үгіт пунктінің меңгерушісі В. Максимович жолдасқа хабарлап отырады. Бұл шаралар үгітшілердің жұмысын бақылауға мүмкіндік береді.

Бұл күндері № 24 сайлау участогінің үгітшілері сайлау алдындағы саяси үгітті кеңінен өрістетуде. Үгітшілер Лиза Брюхова, Александра Блюдова, Ольга Бочкова және Борис Верхотин жолдастар жалынды үгітпен де, қажырлы еңбекпен де басқаларға үлгі-өнеге болуда. Брюхова, Блюдова жолдастар төрт жыл бойына ешқандай ақаусыз, апатыс жұмыс істеп келеді. Сол сыяқты Бочкова, Верхотин жолдастар да сайлау құрметіндегі социалистік жарысқа ұштасып, игі еңбектің тамаша үлгілерін көрсетіп жүр. Мұндай үгітшілер участокте көптеп саналады.

Тек соңғы күндердің өзінде ғана аталған үгітшілер «Сайлау Ережесі», «Сайлау алдындағы округтік кешетін үндеуі», «ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидаттар В. В. Губин, Ж. К. Қизатов және Н. Д. Оңдасынов жолдастардың өмірбаяны жөнінде бірнеше рет әңгіме өткізді.

Партия ұйымы қол жеткен табысқа тоқмейілемейді. Ол үгіт пунктінің, үгітшілер коллективінің жұмысына басшылықты оған әрі жақсартып, сайлаушылар арасындағы саяси-бұқаралық жұмысты мейлінше күшейте береді. Сөйтіп, ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы күні — 14 мартта сайлаушылардың халық қалауыларына біркелкі дауыс беруіне жетіседі.

САЙЛАУДАН САЙЛАУҒА ДЕЙІН

ССРО Жоғарғы Советінің соңғы сайлауынан бері 4 жылдай уақыт өтті. Бұл тарихи оқиғаларға толы тамаша өзгеріс жылдарында еліміз коммунизмнің сәулеті шыңына қарай алып адыммен қарыптан, алға басты.

Коммунистік партия мен Совет Үкметінің қамқорлығы арқасында жылу электр орталығы жұмысшыларының да мәдени-тұрмысы жақсара түсті. 1950

тылды.

Колхозшылардың бар мақсаты — көктемгі дала жұмыстарына барлық жағынан тығымдылықты әзірлену, сөйтіп, егіннен мол өнім алудың алғашқы қадамын жүзеге асыру. ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы күнін өндірістік табыстармен қарсы алу.

А. ТӨКЕНОВ.

Қызу қолдау тапты

Булаев ауданының еңбекшілері арасында СОБП Орталық Комитетінің еліміздің барлық сайлаушыларына арнаған үндеуі зор қолдау тапты.

Возвышен совхозының коллективі быйыл картоп пен овощ егісінің көлемін өткен жылдан едәуір ұлғайтап. Бұл үшін олар кемінде 40 мың шым-тезек шірінді құмыраларын жасауды жоспарлап отыр. Қазірдің өзінде совхоз жұмысшылары 8 мың шірінді құмыраларын жасады.

Б. ЖАҚЫПОВ.

Бері № 24 сайлау участогіне жаңа үйлер, көп сайлаушылар қосылды. Жүздеген артық жұмысшы семьялары жаңа пәтер үйлерге көшті. Бұл үйлер бұмен жылытылады, электр жарығымен, сумен қамтамасыз етілген. Көптеген адамдар өзіне жеке үйлер салып алды. Мемлекет жеке үй салушылар үшін бесі төрт жылдың ішінде 150 мың сомдай қарыз берді. Жұмыстағы да екі ағайын, 12 пәтер үй жұмысшылардың пайдалануына беріледі. Бір кезде бос жатқан алаңда бұл күндері жұмысшы поселкасы, көркем үйлер мен көшелер пайда болды. Жұмысшылар өз поселкасын сүйеді, оны орынды мақтан етеді.

Бұрын мұнда балалар ясли, клуб болмайтын. Сондықтан жұмысшылар өздерінің балаларын қала орталығындағы яслилерге апаруға мәжбүр болушы еді. Участокте балалар яслинің үйі салынып, оның жұмысқа қосылғанына 2 жылдай болды. Яслиде бөбектердің дені сау, жақсы өсуіне барлық жағдайлар жасалған. Жаңадан 320 кісілік клуб үйі салынып жатыр. Мұның үстіне екі магазин, асхана, жұмысшылар үшін жатақхана салынды. Монша, шаптаразы, поликлиника бөлімшесінің бәрі де жұмысшыларға қызмет етеді.

Жұмысшылардың әл-ауқаты күн санап жақсарып келеді. Көптеген жұмысшылар жеңіл машина, мотоциклдер, велосипедтер және үй мебельдерін сатып алды. Бұл участокте ССРО Жоғарғы Советінің соңғы сайлауынан, бергі уақыт ішінде жұмысшылардың саны көбейіп, олардың мамандығы артты.

Жылу электр орталығының жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері бүкілхалықтық мерекені еңбектегі жаңа табыстармен қарсы алып, сайлауға ұйымдастырып, біркелкі қатысады. Сөйтіп, олар СОБП Орталық Комитетінің сайлаушыларға арнаған үндеуіне іс жүзінде жауап беріп, зор абройға ие болады.

М. НҮРПЕЙСОВ.

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

Паровозшылар арасындағы саяси-бұқаралық жұмыс

Біз паровозшылар арасындағы саяси-бұқаралық жұмысты ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің «Темір жол транспортының жүк тасу, әресе, халық тұтынатын жүктерді тасу жұмысын оған әрі жақсарту туралы» қаулысын жүзеге асыру мақсатына бағыттап отырмыз. Паровоз бригадаларының мүшелері әрқашан сапарда болады. Мұның өзі партия ұйымына саяси жұмысты паровозшылардың жұмыс істейтін орындары мен тұратын жерлеріне қарай ұйымдастыруды талап етеді.

Осыны еске алып, партия ұйымы бұқаралық жұмыстың барлық түрлері мен әдістерін пайдалануды өзінің басты міндеттерінің бірінен санады. Үгіт пункті, бұқаралық саяси жұмыстың орталығы бөлініп отыр. Ол тәулік бойы жұмыс істейді.

Үгіт пункті ұрандармен, плакаттармен және көрнекі үгіттің басқа да түрлерімен жабықталған. Плакаттардың бірінше мынандай жазу бар: «Паровозшы жолдастар, халық тұтынатын жүктерді тасуды жылдамдатайың!» Мұның астына күн сайын таңдаулы паровозшылардың фамилиялары жазылады.

Осы сияқты пунктте отынды үнемдеу мүйісі, әрбір цехтың күнделік жұмысын баяндайтын көрсеткіш тақтасы, «Гудок» газетінің витринасы бар. Отынды үнемдеу мүйісінде депоның таңдаулы машинисі, СОКП мүшесі Леонтьев жолдастың жұмыс тәжірибесі жазылған. Сонымен қатар, үгіт пунктінде паровозшылар үшін саяси және экономикалық тақырыптарда баяндамалар мен лекциялар ұйымдастырылады, үгітшілердің кеңес-семинарлары өтеді.

Партия ұйымы паровоз бригадаларының мүшелері арасындағы бұқаралық жұмысқа ерекше назар аударады. Біз ай сайын паровоз колоннасының жалпы жыйналысын өткізіп, социалистік жарыстың қорытындысын шығарамыз. Жыйналыста өткен айдың жұмысына таңдау жасалып, әрбір бригаданың жұмысына қорытынды жасалады. Мұнан басқа үгітшілер паровоз бригадасының мүшелерімен әңгімелер өткізеді. Сөйтіп, біз паровозшылардың жұмыс және тұрмыс жағдайлары жөніндегі тілектері мен ұсыныстарын кезінде біліп, шешуді ұйымдастырамыз.

Цехта құрамында 45 адамы бар үгіт коллективі жұмыс істейді. Үгіт коллективінің жетекшісі, цех партия бюросының секретары Ленин жолдае үгітшілердің семинар-кеңестерін жоспарлы өткізіп, оларға саяси үгіттің түрлері мен міндеттері жөнінде нұсқау беріп отырады. Соңғы семинарлардың бірінде ССРО Жоғарғы Советінің сайлауына әзірлікте және Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығына байланысты үгітшілердің үгіт жұмысындағы міндеттері туралы мәселе талқыланды.

Үгітшілер ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы және Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығы жөнінде жүздеген әңгімелер өткізді. Паровоз бригадасы сапарға шығар алдында үгітшілер Карасев, Коровкин және басқалары партия ұйымынан нұсқау алып отырады.

Паровозшылар үшін соңғы екі айда халықаралық жағдай туралы екі рет лекция оқылды, ал партия бюросының жоспары бойынша партия активінің күшімен құрара саяси информация жасалады. Мұның өзі паровозшылардың еліміздегі және шетелдердегі оқылғаларды кезінде білуін қамтамасыз етеді. Партия комитеті паровоздардың келетін, немесе кететін парктерінде бригада мүшелерімен әңгімелер өткізеді. Партия комитетінің мүшелері Устинов, Хохцов, Сухах, Сидельников және басқалары бригада мүшелерімен бірнеше әңгімелер өткізді. Сапарға шығатын машинистке оның бригадасының үгітшісі соңғы хабарларды айтып отырады.

Жеті паровозда партия топтары бар. Олар паровозшыларды тәрбиелеу жөнінде итілікті жұмыстар жүргізуде. Партия топтарының ұйымдастырушылары Воронков, Шарипов жолдастар топтың жыйналыстарына саяси жұмыстың мәселелерін жиі қойып отырады.

Депоның партия комитеті жатақханада орналасқан жас паровозшылар мен жұмысқа көп назар аударады. Арнаулы жоспар бойынша жатақханаларда әңгімелер, лекциялар ұйымдастырылады.

Жуырда партия комитетінің мүшесі Устинов жолдае жатақханадағы жас паровозшылар үшін «Совет адамының моральдық бейнесі туралы» деген тақырыпта лекция оқыды. Қарт жұмысшы, машинист, СОКП мүшесі Трубицын жолдае В. В. Куйбышевтің басшылығымен революциялық жұмысқа өзінің қалай қатысқандығы жөнінде жатақханада әңгіме өткізді.

Депода паровозшылардың техникалық білімін арттыра беру мақсатымен өндірістің экономикасы жөнінде арнаулы семинар жұмыс істейді. Оған нұсқаушы-машинистер қатысады.

Паровозшылардың жұмысы күн сайын шығатын қабырға газетінде кеңінен жазылып, газеттің соңғы номерлері киносеанстардың алдында оқылады.

Саяси жұмысты ұйымдастыруда партия ұйымына комсомол ұйымы зор көмек көрсетуде. Жақында комсомол ұйымы қызыл мүйісте «Көчегардың күні» деген комсомол және жастардың кешін ұйымдастырды. Бұл кешке жүзден астам жас теміржолшылар қатысты. Олар өздерінің жұмыстары жөнінде пікір алысып, көркемерпаздардың концертін көрді. Депо комсомолдері партиямыздың шақыруы бойынша ауыл-селоға материалдық көмек көрсетуде және маған жұмысшыларды жіберуде үлгі көрсетіп отыр. 30-дан астам комсомолдер механикадағы үлгіліктеріне барып оқу, сөйтіп, колхоз өндірісінде тракторшы, комбайншы болып жұмыс істеуге тілек білдірді.

Паровозшылар арасындағы саяси жұмыс өзінің тиісті нәтижесін беруде. Депо коллективі өткен жылы негізгі көрсеткіштер бойынша өндірістік жоспарды ойдағыдай орындады. Қазір ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы алдындағы социалистік жарыс күніне-күнге қыза түсуде. Партия ұйымы саяси бұқаралық жұмысты оған әрі кеңінен өрістетуге арқылы паровозшылардың өндірістік және саяси белсенділіктерін арттыра береді.

В. ИСАКОВ,

Петропавл паровоз депоcы партия комитетінің секретары.



Чистов астық совхозының таңдаулы сауыншысы Надежда Семеновна Борхина өткен жылы жоспар бойынша әрбір сауын сыйырдан 2100 литрден сүт алудың орнына, 2814 литрден сүт сауды. Надежданың сіңісі Валентина өзіне бекітіліп берілген әрбір сауын сыйырдан 2300 литрден сүт саууға жетісті.

СУРЕТТЕ: апалы-сіңілі Валентина (сол жақта) және Надежда Борхина жолдастар. СУРЕТТІ ТҮСІРГЕН А. РОЗЕНШТЕЙН.

Колхозды селода

«Путь Ленина» ауылшаруашылық артелінің (Конхохов ауданы) селолық клубқа орналасқан кітапханасы артель мүшелерінің мақтанышы болып алды. Онда 1000-ға жуық кітап бар. Кітап қоры үнемі жаңа кітаптармен толықтырылып тұрады.

Клубтың мәдениет Советі жылжымалы үш кітапхана ұйымдастырды. Көзір әрбір ферманың өзінің шағын кітапханасы бар.

Колхоз клубында мебельдер, биллард, сырнай, мәдени құралдар бар. Жастар және қарт колхозшылар күн сайын кешкілікте колхоз кітапханасына келіп, көңілді дем алады.

Көзір ССРО Жоғарғы Советінің сайлауына әзірлік күндерінде кітапханадан

кітап алып оқушылар бұрынғыдан да көбіне түсті.

Селода колхозшылардың үйлерін электрлендірумен бірге радиоландыру жөнінде де бірқатар жұмыстар жүргізілді. Көзір әрбір үйде, клубта радио бар. Колхозды селодағы радиочка саны екі жүзге жуық.

Үстіміздегі жылы 20-ға жуық колхозшы «Рекорд» және «Урожай» радиоқабылдағыштарын, 4 мотоцикл, көптеген тігін машиналарын, жақсы үй мүліктерін сатып алды.

Колхозшылардың әл-ауқат күйі күн сайын жақсарып, мәдени дәрежесі арта түсуде.

А. МӘЛГАЗДАРОВ.

Студенттердің балалар үйіне көмегі

Петропавлдағы оқытушылар институтының оқытушы және студенттер коллективі Совет ауданындағы Полтавка балалар үйін өздерінің қамқорлығына алған болатын. Көзір институт студенттері мен балалар үйінің тәрбиеленушілері арасында тығыз байланыс бар. Студенттер балалар үйіне жиі барып қажетті көмек көрсетіп тұрады.

Жуырда психология пәнінің оқыту-

шысы В. Лукьянова жолдастың басқаруымен студенттер балалар үйінде болып қайтты. Олар балалар үйінің кітапханасына 200 дана кітаптар мен журналдар апарды және мектептің жұмысына көмектесті. Ал, Лукьянова жолдае «Ерік пен мінезді тәрбиелеу» деген тақырыпта лекция оқыды.

А. РАМАЗАНОВ.

АУЫЛДЫҚ РАДИО ТОРАБЫ

Приешім ауданы, «Талашкер» ауылшаруашылық артеліндегі радио торабы ССРО Жоғарғы Советінің, сайлауына дайындық кезінде ойдағыдай жұмыс істеуде. Торап меңгерушісі К. Омаров

ОҚУШЫЛАР КӨМЕГІ

Жаңажол жетіжылдық мектебінде (Октябрь ауданы) оқушылары демалыс күндері колхоз шаруашылығына көмектесуде. Мәселен, жуырда VII-класс

«ЕВРОПАЛЫҚ АРМИЯ» — БЕЙБИТ-ШІЛІК ПЕН ХАЛЫҚТАР ХАУІПСІЗДІГІНЕ ХАУІП

Ағылшын журналісі Дэвидсонның кітапшасы

ЛОНДОН, 9 февраль. (СОТА). Ағылшын демократиялық бақылау одағының ұйымы белгілі журналист Вэвил Дэвидсонның «Европалық қорғаныс бірлестігі — жасақтанған кісі өлтіргіштің елесі» деп аталатын кітапшасын жариялады.

Аденәуер жақтап отырған позиция «оңшыл жорамалдың барлық немістерімен — қаскүнем ұлтшылдармен, жаңа желекті нацистермен және лаңдатушылармен» «мызғымас одаққа» сүйенетіндігін көрсете келіп, Дэвидсон былай деп жазады: «Осы жағдайды тереңдете отырып, Құрама Штаттар Батыс Германияны, егер мүмкіндігі болса, бүкіл Германияны АҚШ-тың соғыс одақтасына айналдыру жөніндегі өзінің ниетін сақтау мақсатымен төрт мемлекеттің кеңесіне қатысудан ұзақ уақытқа дейін бастартып келді. Орыстар қабылдаудан бастартқан және Англия мен Францияда (коммунистер де, коммунистер емес те) барған сайын көптеген адамдар қабылдаудан бастартып отырған Американың алғы шарты осындай».

Мұнан әрі Дэвидсон Германияны қаруландырудың американдық жоларына қарсылық көрсетті. Франция және Англияның көптеген топтарында өршіл отырғандығын көрсетеді. Ол былай деп жазады: «Германияны ремилитарландыру саясатын қолдаушылар әрдайым көптеген елдерде халық қарсылығының осы тегеурініне соқтығып отыр. Аденәуер насихатының барлық шуылына қарамастан Батыс Германияның өнінде де қайта қарулану саясатына қарсылық көрсету өсіп келеді».

«Европалық қорғаныс бірлестігі» жоспарын жасаушылардың «бірлестіктің» шындық сипатын жасыруға тырысқан барлық әрекеттеріне қарамастан бұл бірлестік «қой терісін жамылды қасқыр» болып отырғандығын Дэвидсон атап көрсетеді. «Европалық қорғаныс бірлестігі» деп аталатын мұқиятты жасалған осы системаның шындық қызметі—оны Вашингтон мен Бонн рәушитарланған Батыс Германияны Солтүстік-Атлантика одағының ұйымына сүретіп кіргізудің құралы есебінде пайдалануға ниеттеніп келгендігінде және ниеттеніп те отырғандығында.

«Европалық қорғаныс бірлестігі» Россияға ғана емес, Англияға да хәуіп төндіріп отырғандығын және оның «соғысқа апаратын тура жолдың қызметін атқаратындығын» айта келіп, автор тақырыптың астына былай деп жазады: «Европалық қорғаныс бірлестігінің» орнына Англия және оның достары ұсынаатын ақылға сыярлық бір вариант бар. Бұл вариант жалпыгермандық реттеуде болып отыр».

ИТАЛЬЯН ЖАҢА ҮКМЕТІНІҢ ҚҰРАЛУЫ

РИМ, 10 февраль. (СОТА). Христиан-демократ, либераль және социал-демо-

Саяси үгітке көңіл бөлінбеген жерде

Амайкеді атындағы колхозда (Ленин ауданы) саяси-бұқаралық жұмыстың дәрежесі өте төмен. Үгітшілер өздеріне бөлініп берілген онүйліктерде, фермаларда, бригадаларда өте сирек болады.

Колхозда лекторий бар. Оның жұмысын басқару жетіжылдық мектептің директоры Шаймерденов жолдаеқа тапсырылған еді. Бірақ, ол лекторийдің жұмысын жақсартуға бағытталған мардымды шара қолданған жоқ. Лекторий осы уақытқа дейін сайлаушыларға арнап бірде-бір лекция оқып бере алмады.

Саяси үгіттің өз дәрежесінде болмауы бастауыш партия ұйымының секретары

Коммунистердің саяси оқуы

Коммунистердің саяси оқуына жете көңіл бөлу, тыңдаушылардың сабаққа үзбей қатысуын қамтамасыз ету — партия ұйымдарының басты міндеті. Сонымен бірге партия ұйымы насихатшының сабаққа әзірлігін байқап, оқудың идеялық жоғары дәрежеде өткізілуін қамтамасыз етуге тиіс.

Алайда, кейбір партия ұйымдары коммунистерді партия оқуының жүйелеріне қамтумен тынып, барлық жұмысты сонымен біті деп ойлайтын көрінеді. Бұған Октябрь ауданы, Жамбыл атындағы колхоздағы партия оқуының көзіргі жайы толық дәлел бола алады.

тыңдаушылары Б. Мұхамедин, Т. Құлқов, Б. Сүлейменов және К. Сайдуов жолдастарды қосаға болады. Бұлар сабаққа дайындалмай, конспекті жасамай бірнеше рет келді. Бірақ, насихатшы бұған әлі төзумен жүр.

Сабақтың идеялық жоғары дәрежеге өтпеуі, оған тыңдаушылардың тегіс қатысуына бастауыш партия ұйымының партия оқуына жеткілікті басшылық жауапкершілік болып отыр. Өйткені, партия ұйымы, оның секретары Т. Құсайынов жолдае партия оқуына жете көңіл бөлмей келеді. Әрине, бұл дұрыс емес. Бастауыш партия ұйымының

және жәкенов жолдасты да қынжылтар емес. Ол көбіне шаруашылық жұмыстарымен ғана айналысып, сайлаушылар арасындағы саяси-бұқаралық жұмысқа жете көңіл бөлмей келеді. Үгітшілермен семинар-кеңестері оқта-текте ғана өткізіледі. Олардың жұмысына партия ұйымы тарапынан бақылау жоқтың қасы.

ҚКП аудандық комитетінің насихат және үгіт бөліміндегі жолдастар да Аманкелді атындағы колхоздағы саяси үгіттің жайын білмей отырған жоқ. Бірақ, амал не, олар бұл колхозда болып, саяси-бұқаралық жұмысты жақсартуда партия ұйымына жеткілікті көмек көрсетпей келеді. Бастауыш партия ұйымы үгітшілердің онүйліктерде, фермаларда, бригадаларда жиі болуын қамтамасыз етіп, саяси үгіттің дәрежесін мейлінше жақсартуы тиіс.

С. ҚАЗАНБАЕВ.

ті типті екі үйірме бар. Оларды Т. Нұрқанов, Қ. Бекішев жолдастар басқарды. Ең алдымен бұл жолдастардың өзі сабаққа толық дайындалып келмейді.

Коммунистер сабақтың болатын күнін, өтетін жерін біле тұрса да, олардың кейбіреулері сабаққа үнемі шақырту арқылы келеді. Солардың қатарына СОКП тарихын үйренетін негізгі типті үйірменің

КОМСОМОЛ ҰЙЫМДАРЫ СЕКРЕТАРЛАРЫНЫҢ СЕМИНАРЫ

Жақында ҚКЖО Совет аудандық комитеті колхоз, совхоз және МТС комсомол ұйымдары секретарларының екіншілік семинарын өткізді.

Семинарға қатысушылар «Комсомол жыйналысы — комсомолетерді коммунистік рухта тәрбиелеу мектебі», «Жастар арасындағы физкультура және спорт жұмыс-

тердің саяси оқуына өздерінің басшылықтарын неғұрлым жақсартып, оның жұмысын үнемі қадағалап, бақылап отырулары керек. Міне, сонда ғана коммунистердің марксизм-ленинизм негіздерін творчестволық жолмен терең оқып, меңгеруіне жетісуге болады.

А. ЖОЛДЫҒАРИН,
(өз тіліміз).

тары», «Комсомол ұйымдарының оқу-тәрбие жұмысын дағу ролдері» және басқа осы сыяқты бірнеше тақырыптарда баяндамалар тыңдады. Семинардың соңында комсомол ұйымының секретарлары өздерінің жұмыстары жөнінде пікір алысты.

С. ӘБІЛМӘЖІНОВ.

Саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамының жұмысын жоғары сатыға көтерейік

Саяси және ғылыми білімдер тарату жөніндегі қоғам совет интеллигенциясының бұқаралық ұйымына айналды. Облыс көлемінде 500-ге жуық адам қоғамға мүше болып енді. Олардың ішінде ғылыми кандидаттары, институт және техникум оқытушылары, мұғалімдер, агрономдар, зоотехниктер, дәрігерлер, инженерлер бар.

Қоғам мүшелерінің күшімен оқылған лекциялардың саны жыл санап көбейіп келеді. Мысалы, облыс көлемінде 1951 жылы 686, 1952 жылы 1200 лекция ұйымдастырылса, 1953 жылы 1700 лекция оқылды. Оның ішінде 1124 лекция колхоздарда, совхоздарда, МТС-терде оқылды. Бұл цифрлар қоғамның лекциялық насихатта ролі артып отырғанын көрсетеді.

Облыс көлемінде оқылған лекциялардың мақсаты — СОКП XIX съезінің тарихи қарарларын, ССРО Жоғарғы Советінің V сессиясының және сәуірінің Пленумының қаулыларын насихаттау болды. Оқылған лекцияларда Коммунистік партияның басшы және бағыт беруші ролі, тарихты жасаушы халықтың ролі, Коммунистік партия мен Совет Үкіметінің бейбітшілік сыртқы саясаты үнемі көрсетіліп отырылды.

Партия ұйымдарының басшылығымен қоғамның кейбір аудандық бөлімшелері өздерінің жұмысын жақсарту бастады. Оған Совет, Копюхов, Преснов аудандарындағы бөлімшелерді қосуға болады. Мәселен, Копюхов ауданында 18 колхоз, екі МТС болса, қоғам мүшелері оларда бірнеше рет болып, лекциялар оқыды. Оқылған лекциялардың басым көпшілігі партияның XIX съезінің қарарларын, ССРО Жоғарғы Советінің V сессиясының және сәуірінің Пленумының қаулыларын насихаттау мақсатына арналды.

Өткен жылдың ноябрь айында барлық колхоздарда қоғам мүшелерінің жалпы

жыйналысы өткізілді. Онда қоғамның бүгінгі құрамдарының есебі тыңдалды, бөлімшені басқаруға, қоғам жұмысына белсене қатынасып жүрген адамдар сайланды. Сөйтіп, келешекте саяси және ғылыми білімдер тарату жөніндегі қоғамның аудандық бөлімшелерінің жұмысын жақсартуға жағдай туғызылды.

Қоғам мүшелерінің аудандық жыйналыстарында қоғамның облыстық конференциясында және қазақ ССР саяси және ғылыми білімдер тарату жөніндегі қоғамының үшінші съезінде қоғамның облыстық бөлімшесінің жұмысы қатты және орында сыналды.

Қоғамның аудандық ұйымдары өткен жылы 86 колхозда, 3 совхозда, 9 МТС-те лекция ұйымдастыра алмады. Колхоздарда лекцияны аз ұйымдастырған бөлімшелердің бірі Ленин ауданындағы бөлімше. Бұл аудандағы 27 колхоздың үштен екі бөлігі өткен жылы лекциялық насихатпен қамтылмады. Мұнда 30-дан аса қоғам мүшелері лекция оқудан қол үзген. Бұл кемшілік Мамлют, Октябрь, Соколов аудандарындағы бөлімшелердің жұмысына да тән. Үгітшілердің жыл қоғам мүшелерінің лекцияларын облысымыздың барлық колхоздарында ұйымдастыруды жоғарғы орындар талап етіп отыр. Бұл міндетті ойдағыдай орындау үшін колхозбен, МТС-пен, совхоздармен уақытында шарт жасасу керек. Жасалған шарт бойынша қоғам мүшелерінің күшімен лекцияны оқуды жоспарлы ұйымдастырып отыру қажет.

Ең басты мәселе — лекцияның идеялық-теориялық дәрежесін арттыру. Кейбір қоғам мүшелері мұны естен ұяғарды. Бірқатар жолдастар лекцияны өздігінен дайындауға қиыншылық, облыстық бөлімшеден жіберілген дайын текстің оқылды. Бұл жағдай, әрине, Соколов, Булаев аудандарынан орын тепкен. Лекцияның

идеялық-теориялық дәрежесін арттыру жұмысындағы негізгі кемшіліктер мынада: кейбір лекциялардың тілі жұртшылықтың бәріне бірдей түсінікті болмай жүр, онда өзбекшілердің алдында тұрған нақтылы міндеттері толық көрсетілмейді, жергілікті материалдар пайдаланылмайды. Сонымен бірге Коммунистік партияның тарихы мен теориясы, совет халқының мызғымас достығы, совет патриотизмі жөнінде лекциялар аз оқылып келді.

Лекциялардың мазмұны төмен болуының себебі — аудандық бөлімшелердің жанындағы тақырыптық лекциялардың жұмыстарын нашар ұйымдастырғанына болып отыр. Бұдан бір жыл бұрын Преснов ауданындағы бөлімшенің жанында тақырыптық екі секция ұйымдастырылған болатын. Мұнда күні осы уақытқа дейін бірде-бір секцияның бюро мәжілісі өткізілмеген, дайындалған лекцияның текстігері тесерілген. Осы сыяқты жағдай Мамлют, Совет аудандарындағы бөлімшелердің жұмысына да кездеседі.

Қоғамның облыстық, аудандық бөлімшелері ауыл шаруашылығы қызметкерлері алдында үлкен борышты. Өйткені, лекциялар ауыл шаруашылығы жөнінде аз оқылады, ал алдыңғы қатарлы колхоздар мен совхоздардың, МТС-тердің және озат егіншілер мен малшылардың тәжірибелері жөніндегі лекциялар типті оқылмай келеді.

Қоғамның бөлімшелері ауылшаруашылық мамандарын лекциялық насихатқа қатыстыруды шыншан ұйымдастыра алмай отыр. Облыста 30 агроном, 14 зоотехник, 8 инженер-механик ғана қоғамға мүше. Бұл мүдде жеткіліксіз.

СОКП Орталық Комитетінің сәуірі Пленумы саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамын колхоздарда, совхоздар мен МТС-терде ауыл шаруашылығы жөніндегі лекциялық насихатты жақсартуға, бұл

жолдастың басқаруымен 50 гектар егін алаңына қар тоқтатты.

Ж. ҒАЛИЕВ.

Ө. КҮЗЕНБАЕВ.

«Ленин туының» дабылынан кейін

«ОҒАШ ОҚЫЙҒА»

«Ленин туы» газетінің 1953 жылғы 18 ноябрьдегі санында «Оғаш оқыйға» деген тақырыппен фельетон жарияланды. Онда Октябрь ауданындағы Жамбыл атындағы колхоздың председатели Рыспаев жолдастың колхоз шаруашылығына жанды басшылық жасау орнына, қолайсыз істер істегендігі айтылған болатын.

Газет дабылы бойынша тексеріс жүргізгенде онда көрсетілген фактілер тө-

лық анықталды. Жамбыл атындағы колхоздың председатели Рыспаев жолдастың одағай қылықтары туралы колхоз бастауыш партия ұйымының жыйналысында мәселе қаралып, Рыспаев жалдасқа партиялық шара қолданылды.

А. КҮНДЕРЕНКО,

ҚКП Октябрь аудандық комитетінің секретары.

Көзір, ССРО Жоғарғы Советінің сайлауына әзірлік кезінде, қоғам мүшелері сайлаушылар арасында ССРО Конституциясының, советтік сайлау системаының ұлы принциптерін кейінен насихаттауға тиіс. Осы мақсатпен қоғамның қаладағы мүшелері Яхә, Белов, Берликова және сайлау участоктерінде «ССРО Конституциясы — дүние жүзіндегі ең демократияшыл конституция», «Советтік сайлау системасы», «ССРО азаматтарының ССРО Конституциясында берілген праволары мен міндеттері» деген тақырыптарда бірнеше лекциялар оқыды.

Қоғамның облыстық бөлімшесі сайлау науданы кезіне арналған лекциялардың текстілерін көбейтіп, аудандық бөлімшелерге жіберді. Аудандық бөлімшелердің міндеті қоғам мүшелерін сайлау алдындағы лекциялық насихатқа көптен қатыстырып, лекциялардың идеялық мазмұнын онан әрі арттыру болып табылады. Бұл күндері сайлау науданына арналған лекциялар тікелей үгіт пункттерінде, егіс бригадалары мен мал фермаларында, жөндеу мастерскойларында және осы сыяқты басқа да жұмыс участоктерінде оқылуда тиіс. Сөйтіп, қоғам тарапынан ұйымдастырылған лекциялардың бәрі жұмысшылар мен колхозшы шаруалардың сайлау алдындағы социалистік жарысты кенінен өрістету мақсатына бағытталуы қажет.

Қоғам ұйымдары лекциялық насихатты коммунистік құрылыстың өскелең талабына сәйкес ұйымдастыру қажет. Мұның өзі қоғам мүшелеріне зор міндеттер жүзтейді. Қоғамның міндеті өткен есеп беру-сайлау жыйналыстарынан тиісті қорытынды шығарып, қоғамның барлық мүшелерінің белсенділігін арттыру, олардың күшімен облысымыздың барлық ауыл-селоларында лекция оқуды жақсарту болып табылады.

Ә. НҮРМҰҚАМЕДОВ,

Саяси және ғылыми білімдер тарату жөніндегі қоғамның облыстық бөлімшесінің жауапты секретары.

қрат партияларының өкілдерімен тұратын итальян жаңа үкіметінің құрастырылғандығы туралы ресми хабар жарияланды. Министрлер советінің председатели Шельба (христиан-демократ) ішкі істер министрі қызметін өзіне алып, республика президентіне жаңа үкімет мүшелерінің тізімін тапсырған. Жаңа үкіметте министрлер советі председатели орынбасарының қызметін Джузеппе Сарагат (социал-демократ), сыртқы істер министрі қызметін Аттилио Пиччони (христиан-демократ) алған.

НЕМІС ПАТРИОТТАРЫ БОНН ЖӘНЕ ПАРИЖ КЕЛІСІМДЕРІНЕН БАСТАРТУДА

БЕРЛИН, 9 февраль. (СОТА). АДН агенттігінің Дюссельдорфтан берген хабарында былай делінген: ССРО Сыртқы Істер (Министрі В. М. Молотовтың ұсынысына қалай қарайды дегенге Биркесдорф қауымының (Доренге жақын, Солтүстік Рейн-Вестфалия жері) неміс патриоттары 1954 жылы 7 февральда Германиямен бітім шартын жасасуына және Бонн, Париж соғыс келісімдеріне халықтың қалай қарайтыны туралы сұрау жүргізген.

Биркесдорф тұрғындарынан суралған 649 адамнан 462 адам Германиямен демократияшыл бітім договорын жасасуды жақтаған, 69 адам «европалық қорғаныс бірлестігі» туралы договорды жақтаған, 118 адам бейтарап қалған.

Редактордың орынбасары **Ғ. НҮРМОЛДИН.**

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«АЛБАНИЯНЫҢ ҰЛЫ ЖАУЫНГЕРІ СКАНДЕРБЕГ»

Сеанстар сағат 6,20-8,20-10,30-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ЖАСАУЛЫ ТОЙ»

Сеанстар сағат 6,20-8,20-10,20-да басталады.

Петропавл қаласы, Қарағанды көшесі, 41-үйде тұрушы Семен Иосифович Зеленов Петропавл қаласы, Сталин көшесі, 16-үйде тұрушы Матрена Тихоновна Зеленовадан айрылатыны жөнінде арыз берді.

Бұлардың ісі Петропавл қаласындағы 5-участоктік халық сотында қаралады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сойлесуге болады.